«8D04203» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Райымбергенова Кәмшат Тоқашқызының «ҚР электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу: мәселелері мен даму болашағы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Райымбергенова Кәмшат Тоқашқызының «ҚР электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу: мәселелері мен даму болашағы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» оның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» атты басым бағытына сәйкес келеді. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасына негізделген.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы	«ҚР электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу: мәселелері мен даму болашағы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы осы тақырыптағы алғашқы кешенді зерттеу болғандықтан, отандық құқық ғылымына

		ашылған/ашылмаған.	елеулі үлес қосады. Автормен диссертациялық жұмыстың құрылымы жүйелі құрастырылуы мен ішкі өзара байланысынан оның мазмұны толыққанды ашылғанын көруге болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты автордың өзі жазу деңгейі жоғары. Оны автордың осы саладағы теориялық және практикалық мәселелерді тұжырымдау арқылы соңғы қорытынды шешімдерге келуіне дейін белгілі талаптарды сақтай отырып, өзі жазу деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді. Зерттеу жұмысы қазақ тілінде түсінікті және негізгі талаптарды сақтай отырып орындалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толықтай негізделген. Жұмыстың өзектілігі диссертацияның кіріспесінде ашылып жарияланған мақалаларда кеңінен көрініс тапқан. Сонымен қатар, электронды ақшаға қатысты қаржы саласын цифрландыру нәтижесінде туындаған қоғамдағы ашық пікірлер мен оны мемлекеттің реттеуіне байланысты жүзеге асырып отырған мемлекеттік бағдарламалар арқылы негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1)**айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Автордың жұмысты жазудағы белгілі кезектілікпен ішкі мазмұнынды мәселелері мен дамудың тиімді ұсыныстарын жүйелі көрсете алу осы жұмыстың тақырыбын айқындауға негіз болады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;**	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу жұмысының тақырыбына сәйкес келеді. Жұмыстың мақсатына жетуде кешенді зерттеудің жүйелігі мен қойылған нақты міндеттердің жан-жақты ашылуы осы

		2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	диссертацияның тақырыбына сәйкестігін көрсетеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан**; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыда толық байланысқан. Оны диссертациялық жұмыстың ішкі біртұтастығы мен мазмұнының жүйелі құрастырылуынан көруге болады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;** 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертацияда автор ұсынған жаңа шешімдер жаңашыл тәсілдермен дәлелденген, бұрыннан бар шешімдермен сыни талдау арқылы салыстырылып бағаланған. Сонымен қатар, отандық және шетелдік теориялық және тәжірибелік мәселелер мен тиімді ұсыныстарға кешенді түрде талдау жасалынған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарылған ғылыми нәтижелер толығымен жаңа болып табылады. Диссертацияның ғылыми жаңалығы болып электронды ақш институтын жеке құқықтық институт ретінде бөліп қарастырып, кешенді қаржылық- құқықтық зерттеу жүргізу болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Автор диссертацияда электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеудің мәселелерін анықтап, оларды тиімді шешу жолдары мен дамуы болашағын кеңейтетін ұсыныстар қарастырған.

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **<u>толығымен жаңа;</u>** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста көрініс тапқан техникалық және технологиялық шешімдер толығымен жаңа болып табылады және ғылыми негізделген.
6.	Негізгі қорытынды-лардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **<u>негізделген</u>**/негізделмеген (qualitativeresearch және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияда көрініс тапқан қорытындылар ғылыми тұрғыда ауқымды негізделген. Жүргізілген диссертациялық зерттеу бойынша алынған қорытындылар автордың мақалаларында жарық көрген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма?	Зерттеу нәтижесі бойынша ізденушімен келесідей қорғауға шығарылатын тұжырымдар берілген: **1- тұжырымда** электронды ақшаның құқықтық табиғатына жан-жақты кешенді зерттеу жасалып, құқықтық табиғаты дәлелденген. Бұл тұжырым электронды ақшаның құқықтық сипатына қатысты түрлі пікірлер мен болжамдарға қатысты автордың теориялық тұрғыдан ұсынған терең зерттеулерінің нәтижесі болып табылады. 7.1 қорғауға шығарылған тұжырым дәлелденді; 7.2 тривалды емес; 7.3 тұжырым жаңа;

		1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	7.4 қолдану деңгейі кең; 7.5 қорғауға шығарылған тұжырым ғылыми мақалаларда дәлелденген. **2-тұжырымда** «Электрондық ақша», «цифрлық валюта», «виртуалдық валюта» ұғымдарына авторлық түсінік беріліп бұл терминдердің арақатынасы анықталған. 7.1 қорғауға шығарылған тұжырым дәлелденді; 7.2 тривалды емес; 7.3 тұжырым жаңа; 7.4 қолдану деңгейі кең; 7.5 қорғауға шығарылған тұжырым ғылыми мақалаларда дәлелденген. **3-тұжырымда** электронды ақша айналымын реттеуде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі өкілеттіктерін кеңейту бойынша ұсыныс берілген. Қазіргі цифрландыру жағдайындағы бұл ұсыныстың маңыздылығы электронды ақшаны мемлекетпен реттеу бойынша қажетті қадам екенін автор негіздеуге тырысқанын көруге болады. 7.1 қорғауға шығарылған тұжырым дәлелденді; 7.2 тривалды емес; 7.3 тұжырым жаңа; 7.4 қолдану деңгейі кең; 7.5 қорғауға шығарылған тұжырым ғылыми мақалаларда дәлелденген. **4-тұжырымда** ҚР Ұлттық Банкімен электрондық ақша эмитенттерінің құрамын толықтыру қажеттілігі дәлелденген Бұл ұсыныс арқылы электронды ақша жүйелері нарығындағы бәсекелестікті және жұмыс істеудің сапасын қамтамасыз етуге алып келетінін автор дәлелдейді. 7.1 қорғауға шығарылған тұжырым дәлелденді;

			7.2 тривалды емес; 7.3 тұжырым жаңа; 7.4 қолдану деңгейі кең; 7.5 қорғауға шығарылған тұжырым ғылыми мақалаларда дәлелденген. **5-тұжырымда** электрондық ақша эмитенттері жүзеге асыра алатын операциялардың тізімдемесімен қолданыстағы заңнаманы толықтыру ұсынылған. Автордың терең талдаулары арқылы қол жеткізген негіздеуі арқылы осы ұсынысы қолданыста электронды ақшаларды қолдану аясының кең екенін көрсетеді. 7.1 қорғауға шығарылған тұжырым дәлелденді; 7.2 тривалды емес; 7.3 тұжырым жаңа; 7.4 қолдану деңгейі кең; 7.5 қорғауға шығарылған тұжырым ғылыми мақалаларда дәлелденген. **6-тұжырымда** электрондық ақшаларды бір жүйед қолдануға және қабылдауға мүмкіндік беретін бірыңға интегратор жүйе құру және оны заңнамамен бекіт ұсынылған. Бұл өз кезегінде отандық электронды ақш жүйелерінің даму болашағын кеңейтетін жаңашыл сипатқ ие. 7.1 қорғауға шығарылған тұжырым дәлелденді; 7.2 тривалды емес; 7.3 тұжырым жаңа; 7.4 қолдану деңгейі кең; 7.5 қорғауға шығарылған тұжырым ғылыми мақалаларда дәлелденген.

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) **ия;** 2) жоқ	Диссертацияның әдіснамалық негізі императивтік, диспозитивтік, тарихи, индуктивті-құқықтық және жалпы когнитивті әдістерін құрайды. Зерттеу барысында мазмұнды талдау, салыстырмалы талдау және бірқатар жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістері қолданылып, олар қорғауға шығаратын тұжырымдар алуда толыққанды негізделіп көрсетілген және нақты жазылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) **ия;** 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері қажетті дәрежеде сенімді дереккөздерді терең талдау арқылы алынған. Мысалы, салыстырмалы түрде сыни талдау арқылы алынған ақпараттарды терең талдау арқылы көптеген пікірлердің арақатынасы анықталған. Автормен қаржылық, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық құқық саласындағы заңнамалар мен әдебиеттер және ғылыми зерттеу еңбектері талдау жасалып, деректерді өңдеудің жаңа әдістерін пайдаланған.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) **жоқ**	Диссертациялық жұмыста алынған қорытындылар, өзара анықталған байланыстар мен заңдылықтарға эксперименттік зерттеулер қарастырылмаған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге	Диссертацияда көрініс тапқан маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттермен расталған. Автор

		сілтемелермен **<u>расталған</u>** / ішінара расталған / расталмаған	отандық және шетелдік заңнамаларды талдау арқылы, осы саладағы ғылыми зерттеу жұмыстарын қарастырып, халықаралық ғылыми журналдар мен әдебиеттердің кең көлеміне шолу жасау арқылы терең ғылыми негізделген қорытындыларға келген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **<u>жеткілікті</u>**/жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста қарастырылған пайдаланылған әдебиеттер тізімі электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу бойынша әдеби шолу жасауға жеткілікті. Автордың кең ауқымды ғылыми еңбектер мен әдебиеттерді пайдалануы және заңнамаларға шолу жасауы, ғылыми мақалаларды терең зерделеуі арқылы жұмыстың жоғары деңгейдегі ғылыми негізінен көруге болады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) **<u>ия;</u>** 2) жоқ	«ҚР электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу: мәселелері мен даму болашағы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық маңызы ауқымды, себебі электронды ақша айналымы отандық және халықаралық деңгейде де аса назар аудырылып отырған өзекті тақырып. Диссертациялық зерттеуден алынған нәтижелер әрі қарай қаржылық және ақпараттық құқық салаларында ғылыми зерттеулерге пайдаланылуы мүмкін.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **<u>ия</u>**; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеудің нәтижелерін практикада қолдану аясы кең, мысалға, қаржылық және ақпараттық құқық саласында заңнаманы жетілдіру бойынша заң жобалары дайындауда және мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуде, жоо қаржы құқығы пәнінен оқу курстарына да пайдалану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) **<u>толығымен жаңа;</u>** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа	Диссертациялық зерттеудің нәтижелері мен практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады. Осыған дейінгі ғылыми зерттеулерде қарастырылмаған кейбір аспектілер электронды ақша айналымын қаржылық-

		болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	құқықтық реттеуді жетілдіруге қатысты заңнамалық және практикалық ұсыныстар автормен ұсынылған қазақ тілінде жазылған алғашқы ғылыми зерттеу тұжырымдары болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмысты академиялық жазу және ресімдеу сапасы толығымен жоғары талаптарға сай келеді, жұмыс ғылыми тұрғыдан жүйелі және қазақ тілінде түсінікті жазылған. Автордың диссертация тақырыбын таңдауынан бастап, мазмұнын құрастыруы және ішкі бөлімдерінің кезектілігі мен қорытындылауына дейін өзіндік жүйелік пен академиялық ғылыми жазудың барлық талаптары сақталғанын көруге болады.

Райымбергенова Кәмшат Тоқашқызының «8D04203» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «ҚР электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу: мәселелері мен даму болашағы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:
заң ғылымдарының кандидаты, профессор
І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университетінің Басқарма мүшесі-жастар
саясаты жөніндегі проректоры
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)

(қолы) **Б.А. Сериев** (аты-жөні)

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ БӨЛІМІ

І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ БӨЛІМІ
Қолы
РАСТАЙМЫН